



Нұсқаулықты көру үшін QR
кодын сканерлеңіз.



ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ТОҢАЗЫТҚЫШ- МҰЗДАТҚЫШ



Орнатуды бастау алдында осы нұсқауларды мұқият оқыңыз. Бұл орнатуды жеңілдетеді және өнімнің дұрыс және қауіпсіз орнатылуын қамтамасыз етеді. Орнатқаннан кейін болашақта пайдалану үшін бұл нұсқауларды өнімнің жанына қойыңыз.

ҚАЗАҚША



MFL72105404
Rev.00_082924

www.lg.com

Copyright © 2024 LG Electronics. All Rights Reserved

МАЗМҰНЫ

Бұл нұсқаулықта сатып алған үлгіден өзгеше кескіндер немесе мазмұн болуы мүмкін.

Бұл нұсқаулықты өндіруші түзете алады.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.....	3
АБАЙЛАҢЫЗ.....	3
ЕСКЕРТУ	10

ОРНАТУ

Орнату алдында	12
Тоңазытқыш және мұздатқыш есіктерін шешіп алу	13
Теңестіру және есікті туралау	15
Қуатты қосу.....	18
Құрылғыны басқа орынға жылжыту	18

Пайдалану

Пайдалану алдында	19
Өнім мүмкіндіктері.....	22
Басқару панелі	26
InstaView.....	27
Қосымша есік	27
Тартпа	27
Сөре.....	29
Мұз генераторы.....	30
Есіктері себет.....	30

СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

LG ThinQ қолданбасы	32
Smart Diagnosis	34

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Тазалау.....	35
--------------	----

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Қызмет көрсетуге шақырмастан бұрын.....	37
---	----

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қауіпсіздік нұсқаулары өнімге қауіп тудыра отырып, пайдалану және дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын қауіптер мен зақымдардың алдын алуға арналған.

Нұсқаулар төменде сипатталғандай **«АБАЙЛАҢЫЗ»** және **«ЕСКЕРТУ»** болып бөлінеді.

Қауіпсіздік туралы хабарлар



Бұл таңба қауіп тудыратын жағдайлар мен жұмысты анықтау үшін көрсетіледі. Осындай таңбасы бар бөлімді мұқият оқып шығыңыз және қауіптің алдын алу үшін нұсқауларды орындаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.



ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда өнімнің аз деңгейде зақымдалуы мен бұзылуын білдіреді.

АБАЙЛАҢЫЗ

АБАЙЛАҢЫЗ

Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, зақымдау немесе адамды күйдіру қауіпінің алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз:

Техникалық қауіпсіздік

- Бұл құрылғы физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі немесе құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдарды

(балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қадағаламаған кезде немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмеген кезде пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнамауы қадағалануы қажет.

- Бұл құрылғы үй шаруашылығында және оған ұқсас келесідей қолданыстарда пайдалануға арналған:
 - дүкендердегі, кеңселердегі және өзге жұмыс орталарындағы қызметкерлерге арналған асүй аймақтары;
 - фермерлік үйлерде және қонақ үйлердегі, мотельдердегі және өзге тұрғындық орталардағы клиенттер тарапынан;
 - "кереует және таңғы ас" түріндегі орталарда;
 - қоғамдық тамақтану және бөлшек емес сауда қолданыстарында.
- Бұл тоңазытқыш құрылғы кіріктірілген құрылғы ретінде пайдалануға арналмаған.
- Бұл құрылғы жұмыс кезінде қозғалыста болатын теңіз кемелері немесе доңғалақты үйлер сияқты тасымалы немесе мобильді қондырғыларда пайдалануға арналмаған.



Бұл таңбалар тұтанатын және күтім жасамаған жағдайда өрт шығу себебі болатын тұтанғыш материалдар туралы ескертеді.

- Бұл жабдық аз көлемдегі изобутан хладагенті (R600a) болады, бірақ ол да оңай жанғыш болып табылады. Жабдықты тасымалдау және орнату кезінде тоңазыту тізбегінде ешбір бөлшектің зақымдалмағанына көз жеткізуіңіз қажет.
- Құрылғыда қолданылатын суытқыш агент пен оқшаулағыш газ арнайы процедураларға сәйкес жойылуы керек. Оларды жоймас бұрын техникалық қызмет жасайтын мамандардан немесе тағы басқа дәрежелі мамандардан кеңес алуыңыз жөн.
- Салқындатқыш сұйықтық айналымының түтіктерін зақымдап алмаңыз.
- Қуат сымы зақымдалған немесе розетканың тесігі босап қалған болса, оны ауыстыру керек. Қауіптің алдын алу үшін қуат сымын

пайдаланбаңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Бірнеше тасымалды розеткаларды немесе тасымалды қуат көздерін құрылғы артына орналастырмаңыз.
- Алдын ала ылғал мен шаңды тазалап, электр штепселін розеткаға абайлап салыңыз.
- Құрылғыны тоқтан ешқашан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз. Әрқашан қуат ашасын мықтап ұстап, розеткадан тіке тартып алыңыз.
- Желдеткіш саңылауларын құрылғы корпусында немесе кірістірілген құрылғыда кедергісіз қалдырыңыз.
- Бұл құрылғыда өртке қауіпті жанармайы бар аэрозоль банкалары сияқты жарылғыш заттарды сақтамаңыз.
- Тасымалдау кезінде құрылғыны еңкейтпеңіз және жиектемеңіз.
- Құрылғыны орналастыру барысында қуат сымы қысылмағанына немесе зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Өндіруші ұсынғаннан артық етіп, мұздату процесін үдету үшін механикалық құрылғыларды немесе басқа заттарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ішін кептіру үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз немесе жағымсыз иістен арылу үшін хош иісті шырақты пайдаланбаңыз.
- Құрылғының тағамды сақтау бөліктерінде өндіруші ұсынған түрінен басқа электр құрылғыларын қолданбаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде, қол немесе аяқ сияқты дене мүшесі қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының ішін немесе сыртын тазалаудан бұрын қуат сымын ажыратыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін, оның ішкі немесе сыртқы жағына су немесе тұтанғыш заттарды (тіс пастасы, спирт, еріткіш зат, бензол, жанғыш сұйықтық, жыратын зат және т.б.) шашпаңыз.
- Құрылғыны қатты немесе металл беті бар щеткалармен, шүберектермен немесе губкалармен тазаламаңыз.

- Құрылғыны тек LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығының білікті маманы бөлшектеу, жөндеу немесе өзгерту керек. Құрылғыны басқа орынға жылжытатын және орнататын болсаңыз, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.

Өрт және тұтанғыш материалдар қатері

- Егер газ шығып жатқаны анықталса, ашық от көзі немесе от шығаратын заттардың болмауын қадағалаңыз және құрылғы тұрған бөлмені бірнеше тоқтың желдетіңіз. Тоңазыту тізбегінен газ шыққан жағдайда, тұтанғыш газ бен ауа қоспасы пайда болмауы үшін, құрылғы қолданылатын бөлменің өлшемі қолданылатын хладагент мөлшеріне сәйкес келуі керек. Құрылғының ішіндегі әрбір R600a хладагентінің 8 г-на бөлменің 1 м2-ы шақ келуі керек.
- Түтіктен ағатын салқындатқыш агент тұтануы немесе жарылыс туғызуы мүмкін.
- Осы құрылғының салқындатқыш сұйықтығының мөлшері құрылғы ішіндегі белгілері бар тақтайда көрсетіледі.

Орнату

- Құрылғыны екі немесе одан көп адам абайлап көтеріп тасымалдауы қажет.
- Құрылғыны мықты және тегіс еденге орнатыңыз.
- Құрылғыны ылғал және шаң жерге орнатпаңыз. Құрылғыны кез келген сыртқы аймаққа, тікелей күн көзі, жел немесе жауын сияқты ауа райы жағдайларына ұшырайтын немесе нөлден төмен температуралы аймаққа орнатпаңыз немесе сақтауға қоймаңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесінің немесе жылытқыш құрылғының (газ плитасы немесе электр жылытқышы) жылы ауасының тікелей әсері бар жерлерге орнатпаңыз.
- Орнатқан кезде құрылғының артқы жағына тиіп кетпеді қамтамасыз етіңіз.

- Құрылғы қуат көзінен оңай ажыратуға болатын орынға орнатыңыз.
- Құрастыру немесе бөлшектеу кезінде құрылғы есігінің құлап кетпеуін қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы есігін құрастыру немесе бөлшектеу кезінде қуат сымын қыспаңыз, баспаңыз немесе зақымдамаңыз.
- Қуат сымының тігінен орнатылуына және құрылғының қуат ашасына тиіп тұруына жол бермеңіз.
- Ашалы адаптер немесе басқа да керек-жарақтарды тоқ көзіне жалғамаңыз.
- Қуат сымын өзгертпеңіз немесе ұзартпаңыз.
- Розетканың жерге дұрыс тұйықталғанын және қуат сымындағы жерге тұйықтау ашасының зақымдалмағанын немесе қуат ашасынан алынбағанын тексеріңіз. Жерге тұйықтау туралы қосымша мәліметтерді LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығынан сұраңыз.
- Бұл құрылғы жабдықты жерге тұйықтау өткізгішіне ие қуат сымымен және жерге тұйықтау ашасымен жабдықталған. Қуат ашасы барлық жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес және жерге тұйықталған тиісті розеткаға жалғануы керек.
- Зақым белгілері көрініп тұрған құрылғыны ешқашан іске қоспаңыз. Күмәндансаңыз, дилеріңізбен кеңесіңіз.
- Барлық бума материалдарын (мысалы, пластик қалталар мен пенопласт) балалардан алысқа тастаңыз. Бума материалдары тұншықтыруы мүмкін.
- Жабдықты қуат кабелі жоқ (орнатылмаған) көп розеткалы адаптерге жалғауға болмайды.
- Жабдық жеке сақтандырғышы бар арнайы қуат желісіне жалғануы тиіс.
- Жерге тиісті түрде тұйықталмаған (тасымалы) көп розеткалы ұяны пайдаланбаңыз. Тиісті түрде жерге тұйықталған (тасымалы) көп розеткалы ұяны пайдаланған жағдайда, оның кернеу қуаты кабельдің көрсеткіштерімен бірдей немесе одан жоғары болатын

розетканы қолданыңыз және оны тек құрылғы үшін пайдаланыңыз.

Пайдалану

- Құрылғыны тұрмыстық тағам сақтаудан басқа мақсатта (медициналық немесе сараптамалық материалдарды сақтау немесе тасымалдау) қолданбаңыз.
- Құрылғының электр бөліктеріне су кіріп кететін болса, қуат ашасын ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Қатты жауын немесе найзағай кезінде әлде ұзақ уақытқа тоңазытқышты қолданбайтын болсаңыз, тоқтан ажыратыңыз.
- Ашаны немесе құрылғыны басқару бөліктерін ылғал қолдармен ұстамаңыз.
- Қуат сымын артық бүкпеңіз не оған ауыр зат қоймаңыз.
- Өзге дыбыс, жағымсыз иіс немесе құрылғыдан түтін шығатын болса, дереу ашаны қуат көзінен ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Салқын ауа шығаратын аймаққа, қақпағына немесе артындағы жылу шығаратын торына қолдарыңызды немесе металл заттарды салмаңыз.
- Құрылғының артқы қақпағына шамадан тыс күш немесе ықпал қолданбаңыз.
- Құрылғы есігін ашқан немесе жапқан кезде, жаныңызда балалар болса, абайлаңыз. Есік балаға тиіп кетіп, зақымдауы мүмкін.
- Балалардың құрылғының ішіне кіріп кету қауіпін туғызбаңыз. Құрылғы ішіне кіріп кетсе, тұншығып қалуы мүмкін.
- Үй жануарлары сияқты жануарларды құрылғының ішіне салмаңыз.
- Құрылғыға ауыр немесе сынғыш заттар, сұйықтықпен толтырылған контейнерлер, жанғыш, тұтанғыш заттар (мысалы, балауыз, шамдар және т.б.) немесе жылыту құрылғыларын (пештер, қыздырғыштар және т.б.) қоюға болмайды.

- Құрылғының ішіне электрондық құрылғыларды салмаңыз (мысалы, жылытқыш және ұялы телефон).
- Егер газ (изобутан, пропан, табиғи газ, т.б.) шығып жатса, құрылғыны немесе қуат ашасын ұстамаңыз және бөлмені дереу желдетіңіз. Бұл жабдықта газ түріндегі хладагент (изобутан ,R600a) пайдаланылады. Пайдаланылатын газ көлемі аз болса да, ол әлі де оңай жанғыш газ болып табылады. Жабдықты тасымалдау, орнату немесе пайдалануда газ жылыстаған жағдайда ұшқын пайда болса, ол өртке жарылысқа немесе жарақатқа әкеліп соғуы мүмкін.
- Құрылғының жанында өртке қауіпті немесе жанатын заттарды (мыс., жанармай, шарап, химикаттар, сұйытылған көмірсутек газы, жанатын шашыратқыш, құрт-құмырсқаларды жоюға арналған құрал, ауаны сергіткіш, косметика, т.б.) қолданбаңыз немесе сақтамаңыз.
- Бұл құрылғыда жерге тұйықтау қосылымы бар, ол дұрыс жұмыс істеу үшін керек.
- Ауыз судың көзіне ғана жалғаңыз.
 - Су көзіне қосылса, тек ауыз су құбырына қосыңыз.
- Ішетін сумен ғана толтырыңыз.
 - Мұз дайындағыш немесе диспенсерге арналған су ыдысын пайдалансаңыз, оны тек ауыз сумен толтырыңыз.

Тастау

- Құрылғыны тастаған кезде, сөрелер мен жәшіктерді орнында қалдырыңыз да, есік тығыздауышын шығарып алып, құрылғыны балалардан алыс жерге қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

ЕСКЕРТУ

Өнімді пайдаланған кезде адамдарға келетін қауіпті азайту, өнімнің дұрыс жұмыс істемеуін болдырмау үшін келесі нұсқаулармен бірге негізгі нұсқауларды орындаңыз:

Орнату

- Құрылғыны қорабынан шығарғаннан кейін, оның тасымалдау кезінде зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Хладагент контурының толықтай тиімді екеніне көз жеткізу үшін кемінде 3–4 сағат күте тұрыңыз.
- Еденге зақым келтірмеу үшін құрылғыны сезімтал едендерде абайлап жылжытыңыз.

Пайдалану

- Мұздатқыш бөлігіндегі металл бөліктерін немесе мұздап тұрған тағамды дымқыл немесе ылғал қолыңызбен ұстамаңыз. Ол қатып қалуға себеп болуы мүмкін.
- Әйнектен жасалған контейнерлерді, бөтелкелерді немесе банкаларды (әсіресе газдалған сусындары бар) нөлден төмен температурадағы мұздатқыш камераға, сөрелерге немесе мұз сақтау құтыларына салмаңыз.
- Жабдық есігінің алдыңғы жағындағы қыздырып шыңдалған шыны зақымдалуы мүмкін. Сынып қалған жағдайда оған қолыңызды тигізбеңіз.
- Құрылғы есігіне, сақтау бөлігіне, сөреге сүйкеніп тұрмаңыз немесе оған мінбеңіз.
- Есік жәшіктерінде тым көп су бөтелкелерін немесе гарнирлерге арналған контейнерлерді сақтамаңыз.
- Құрылғы есігін артық күшпен ашпаңыз немесе жаппаңыз.
- Жабдықтың есігіндегі топса зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істемесе, жабдықты пайдалануды тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Үй жануарларының қуат сымын немесе су шлангісін шайнап тастауына мүмкіндік бермеңіз.
- Ешқашан мұздатқыштан алынған қатып тұрған тағамдарды дереу жемеңіз.
- Жабдықтың есігін немесе есік ішіндегі есікті ашу және жабу кезінде қолды немесе аяқты қыстырып алмаңыз.

Қызмет көрсету


- Бұл құрылғы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін ішкі жарықдиод шамымен жабдықталған. Қақпақты немесе жарықдиод шамын жөндеу немесе ауыстыру үшін алмаңыз. LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпараттық орталыққа хабарласыңыз.
- Шыны сөрелерін немесе қақпақтарын олар салқын кезде жылы сумен тазаламаңыз. Температураның кенеттен өзгеруіне байланысты олар шытынап кетуі мүмкін.
- Сөрелерді астын үстіне қаратып салуға болмайды. Олар құлап кетуі мүмкін.
- Құрылғының мұзын алу үшін LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Ток өшіп қалған кезде, мұздатқыштан мұз науасындағы мұзды алып тастаңыз.

ОРНАТУ

Орнату алдында

Өлшемдер және саңылаулар

Құрылғы қасындағы нысандарға дейінгі қашықтық аз болса, ол мұздату мүмкіндігінің нашарлауына және электр шығындарының артуына алып келуі мүмкін. Құрылғыны орнатып жатқан кезде, оның арты мен қабырға арасындағы қашықтық кемінде 50 мм болуын қадағалаңыз.



-	Өлшемі (мм)
A	835
B	1787
C	730
D	617
E	684
F	730
G	1065
H	1416

ЕСКЕРТПЕ

- Жабдықтың ішіндегі жапсырманы қарау арқылы жабдықтың түрін анықтауға болады.

Қоршаған орта температурасы

- Құрылғы климаттық зонаға байланысты, қоршаған орта температураларының шектеулі ауқымында пайдалануға арналған.
- Құрылғының ішкі температуралары оның орналасқан жеріне, қоршаған орта температурасына, есігінің ашылу жиілігіне және тағы басқаларына байланысты өзгереді.
- Құрылғының климаттық класы оның техникалық жапсырмасында берілген.

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасының ауқымы °C
SN (Өте шектеулі)	+10 – +32
N (Шектеулі)	+16 – +32
ST (Субтропикалық)	+16 - +38 / +18 - +38**
T (Тропикалық)	+10 - +43* / +16 - +43 / +18 - +43**

*Австралия, Индия, Кения

** Аргентина

ЕСКЕРТПЕ

- SN және T дәрежесіндегі жабдықтар 10 °C - 43 °C градус аралығындағы ортада пайдалануға арналған.

Аксессуарлар

*1 Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.



- ❶ А түріндегі гайка кілті*1
- ❷ В түріндегі гайка кілті*1
- ❸ С қысқышы (серіппелі сақина)*1

Тоңазытқыш және мұздатқыш есіктерін шешіп алу


Егер сіздің кіре беріс есігіңіз тар болып, құрылғы одан өте алмайтын болса, құрылғының есігін алып тастаңыз және құрылғыны бір жағымен кіргізіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғыны орнатпас бұрын, есіктерді шешіп алмас бұрын немесе оған құрылғыны тазаламас бұрын, қуат сымын, үй сақтандырғышын немесе автоматты ажыратқышты ажыратыңыз. Бұл нұсқаулық талаптарын орындамаған жағдайда, ол адам өліміне, өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.


Топса қақпағын алу

Құрылғының жоғарғы жағындағы топса қақпағының бұрандаларын бұрап шығарыңыз. Қақпақтың алдыңғы жағының астында орналасқан ілмекті (көрінбейді) жалпақ басты бұрағышпен көтеріңіз.



Тоңазытқыштың сол жақ есігін алу


- 1 Барлық сымды ❶ ажыратыңыз. Жерге тұйықталған сымның ❷ бұрандасын бұрап шығарыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Сымның байламдарының саны модельге байланысты өзгеруі мүмкін.


- 2 Топсалы иінітіректі ❸ сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз. Жоғарғы топсаны ❹ иінітірегіндегі ысырмадан көтеріңіз ❺.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Жоғарғы жақ топсаны шығару барысында есіктің алға қарай құлап кетуінен сақ болыңыз. Есікті алу және оны қайта орнына орнату жұмысын екі адам істегені дұрыс.

- 3** Есікті ортаңғы топса істігінен көтеріп, алып тастаңыз.




⚠ ЕСКЕРТУ

- Есіктің ішкі жағын жоғары қаратып, сызат түсірмейтін жерге қойыңыз.

Тоңазытқыштың оң жақ есігін алу


- 1** Барлық сымдарды ажыратыңыз **1**.



ЕСКЕРТПЕ

- Сымның байламдарының саны модельге байланысты өзгеруі мүмкін.


- 2** Топсалы иінтіректі **2** сағат тілі бағытымен айналдырыңыз. Жоғарғы топсаны иінтірегіндегі **3** ысырмадан көтеріңіз **4**.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Шарнирлі иінтіректі топсадан шарнирді көтергенде, есіктің алға қарай құлап кетуін қадағалаңыз. Есікті алу және оны қайта орнына орнату жұмысын екі адам істегені дұрыс.

- 3** Оң жақ топса жинағынан босағанға дейін, тоңазытқыш есігін көтеріңіз.




⚠ ЕСКЕРТУ


- Есіктің ішкі жағын жоғары қаратып, сызат түспейтін жерге қойыңыз.

Мұздатқыштың есігін алу


- 1 Топсаның екі болтын алыңыз.



- 2 Бұралатын шетті есікті алуға болатындай етіп көтеру үшін, топсаны бұраңыз. Есікті төменгі топса істігінен шешіп, алып тастаңыз.



- 3 Есікті төменгі топса істігінен шешіп алыңыз.



Тоңазытқыш және мұздатқыш есігін қайта салу

Құрылғы есіктен өткенен кейін есікті алғандағы іс-әрекеттерді кері ретпен орындап, есікті қайта салыңыз.

Теңестіру және есікті туралау


Бастамас бұрын

Құрылғы есігі түзу тұрмаса, оны туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғының үлгісіне байланысты гайка кілті әртүрлі болуы мүмкін. Сізге А немесе В түріне жататын гайка кілті беріледі.

- А түріне жататын гайка кілті



- В түріне жататын гайка кілті




Құрылғының деңгейін туралау

Құрылғының алдыңғы жағында реттеуге болатын екі аяғы бар. Алдыңғы-артқы жағын немесе екі бүйір жағын туралау үшін аяқтарын бұрап реттеңіз. Егер құрылғы тұрақсыз болып көрінсе немесе есіктер дұрыс жабылмаса, төмендегі нұсқаулардың көмегімен құрылғының еңкейісін реттеңіз.


Алдыңғы аяғы аяғына дейін бұрылған кезде де, құрылғының артқа қарай қисаюы қалыпты жағдай.

Реттеуге болатын аяқтарды гайка кілтінің ① көмегімен солға бұрасаңыз, көтеріледі, ал оңға бұрасаңыз, төмен түседі.




Мұздатқыштың жоғарғы есігін туралау


Егер құрылғының есігі бір деңгейде тұрмаса, құрылғы есігінің биіктігіндегі айырмашылықты реттеңіз.



- 1 Есікті ашыңыз және гайка кілтінің ① көмегімен гайканы солға қарай бұрып, босатыңыз.




- 2 Гайка кілтінің ② көмегімен реттелмелі шарнир істігін солға немесе оңға бұрау арқылы биіктікті реттеңіз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрал есігінің биіктігін 3 мм-ден артық реттеуге болмайды.

- 3 Гайка кілтінің ① көмегімен ұстап тұрғыш гайканы оңға бұрап, қатайтыңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Еден бір деңгейде болмаса немесе осал немесе нашар жасалса, есіктерді бір деңгейге келтіру қиынға соғуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың салмағы ауыр келеді, сондықтан оны мықты, тегіс және қатты жерге орнату керек.
- Тақтай төселген кейбір едендердің қатты майысуына байланысты есіктерді бір деңгейге келтіру қиынға соғады.

Тоңазытқыштың сол жақ есігін туралау

А түріне жататын құрылғы

Тоңазытқыш есігін ашыңыз да, есік топсасының болтын бұрау үшін 3 сомын кілтін пайдаланыңыз.



В түріне жататын құрылғы

С қысқышы (серіппелі сақина) үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

- А түріне жататын С қысқышы




Есік тым төмен болса, сол жақ есікті көтеріңіз және ұзын ұшты тістеуіктердің көмегімен қысқыштарды салып, есіктерді туралаңыз.

- В түріне жататын С қысқышы



Есік тым төмен болса, сол жақ есікті көтеріп, сәйкес қалыңдықтағы С қысқышын енгізіңіз.

- С қысқышы ортаңғы ілмекке енгізілген болса, жаңа С қысқышын енгізбей тұрып, ескісін алып тастаңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Есік тым ауыр. Жарақаттың алдын алу үшін, тоңазытқыш есігін екі немесе одан көп адам көтеріп, туралауы тиіс.
- Ұсақ бөлшектерді балалар жұтып қоюы мүмкін. С қысқыштарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Тоңазытқыштың оң жақ есігін туралау

Алдымен тоңазытқыштың сол жақ есігін орнатыңыз.

С қысқышы (серіппелі сақина) үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

- А түрі




Есік тым төмен болса, оң жақ есікті көтеріңіз және ұзын ұшты тістеуіктердің көмегімен қысқыштарды салып, есіктерді туралаңыз.

- В түрі



Есік тым төмен болса, оң жақ есікті көтеріп, сәйкес қалыңдықтағы С қысқышын енгізіңіз.

- С қысқышы ортаңғы ілмекке енгізілген болса, жаңа С қысқышын енгізбей тұрып, ескісін алып тастаңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Есік тым ауыр. Жарақаттың алдын алу үшін, тоңазытқыш есігін екі немесе одан көп адам көтеріп, туралауы тиіс.
- Ұсақ бөлшектерді балалар жұтып қоюы мүмкін. С қысқыштарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Қуатты қосу

Жабдықты жалғау

Құрылғыны қосу үшін қуат ашасын розеткаға жалғаңыз. Бұл розеткаға басқа құрылғыларды жалғамаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қуат көзінің сымын (немесе ашасын) розеткаға қосқан соң, азық-түлікті жабдыққа 3 немесе 4 сағат өткеннен кейін қойыңыз. Жабдық толық суымай тұрып, азық-түлікті қойсаңыз, азық-түлік бұзылып кетуі мүмкін.
- Құрылғыны өшіріп, қуат ашасын розеткадан ажыратыңыз.

Құрылғыны басқа орынға жылжыту

Жабдықтың орнын ауыстыру

- 1 Жабдықтың ішіндегі барлық азық-түлікті алып тастаңыз.

- 2 Қуат ашасын бекітіңіз.

- Қуат ашасының ілгегі бар үлгілер:
Қуат ашасын шығарып, оны құрылғының артқы немесе жоғарғы жағындағы қуат ашасының ілгегіне енгізіп, бекітіңіз.
- Қуат ашасының ілгегі жоқ үлгілер:


Қуат ашасын шығарып, қуат кабелін құрылғының розетка орнатылған жағында таспамен бекітіңіз.

- 3 Жабдықты тасымалдау кезінде түсіп қалмауы үшін сөрелер мен есік тұтқасы сияқты бөлшектерді таспамен бекітіңіз.

- 4 Жабдықты кем дегенде екі адам абайлап жылжытуы тиіс. Жабдықты ұзақ қашықтыққа тасымалдағанда, оны тік күйде ұстаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Еденге зақым келтірмеу үшін құрылғыны сезімтал едендерде абайлап жылжытыңыз.
 - Құрылғыны орнатқанда немесе жылжытқанда еденге сызат түспеуі үшін картон, төсеніш немесе кілемді пайдаланыңыз.
 - Құрылғыны зигзагпен жылжытуға болмайды.



- 5 Құрылғыны орнатқаннан кейін, қуат ашасын розеткаға тығып, құрылғыны қосыңыз.

Пайдалану

Пайдалану алдында

Пайдалануға қатысты ескертпелер

- Есік толық жабылмаса немесе жаз кезінде ылғалдылық жоғары болса, мұздың түзілуі мүмкін екендігін есте сақтауыңыз керек.
- Есіктің толық жабылуы үшін сөреде сақталған тағаммен есік арасында жеткілікті бос орын қалу керек.
- Есікті ұзақ уақытқа ашсаңыз, жабдықтың камераларында температураның артуына әкелуі мүмкін.
- Егер мұздату жабдығы ұзақ уақытқа бос қалса, жабдықтың іші көгеріп кетпеу үшін оны өшіріп, мұзын ерітіп, тазартып, құрғатыңыз және есігін ашық қалдырыңыз.
- Құрылғының техникалық сипаттамаларында рұқсат етілген ауқымда мұзы ерітілген соң, температураны көтеру қажеттігін ескеріңіз. Температураның көтерілуіне байланысты тағамды сақтауға ықпалды азайтуды қаласаңыз, сақталған тағамды бірнеше қабатқа нығыздап салыңыз немесе ораңыз.

Есік ашық дабылы

Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар. Егер есігі ашық қалса немесе толық жабылмаса, дыбыстық сигнал береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Дыбыс сигналы барлық есікті жапқаннан кейін де естілсе, LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпараттық орталыққа хабарласыңыз.

Ақаулықты анықтау

Құрылғы пайдалану кезінде ақаулықтарды автоматты түрде анықтай алады.

ЕСКЕРТПЕ

- Ақаулық туындаса, құрылғы жұмыс істемейді және түйме басылғаннан кейін де қате коды көрсетіледі.
- Егер дисплейде қате коды көрсетілсе, қуатты өшірмеңіз. LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпараттық орталыққа дереу хабарласып, қате кодын айтыңыз. Егер қуатты өшіріп тастасаңыз, ақпараттық орталықтағы жөндеу жөніндегі техник маман мәселені анықтауда қиындыққа тап болады.

Қуат үнемдеуге қатысты ұсыныс

- Қуатты барынша тиімді пайдалану үшін барлық ішкі бөліктерді (мысалы, есік жәшіктері, тартпалар және сөрелер) бастапқы орнында ұстаңыз. Олардың орындарын өзгертсеңіз тиімді қуат шығыны немесе өнімділік төмендеуі мүмкін.
- Сақталған тағамдар арасында жеткілікті бос орын болуын қамтамасыз етіңіз. Бұл ауаның тегіс айналуына мүмкіндік береді және электр энергиясын тұтыну шоттарын азайтады.
- Буланудың немесе қатып қалудың алдын алу үшін ыстық тағамды салқындатып барып салыңыз.
- Мұздатқыш ішінде тағамды сақтаған кезде, тоңазытқыш температурасын азықта көрсетілген температурадан төмен етіп орнатыңыз.
- Құрылғының температурасын қажетті температурадан төмен орнатпаңыз.
- Тағамды тоңазытқыштың температура датчигінің жанына қоймаңыз. Датчиктен кемінде 3 см қашықтық қалдырыңыз.

Тағамдарды тиімді түрде сақтау

- Тамақ дұрыс температурада сақталмаса, қатып қалуы немесе бүлінуі мүмкін. Тоңазытқышты сақталатын тағам үшін дұрыс температураға орнатыңыз.
- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды жабық контейнерлерде сақтаңыз.
- Тағамды құрылғыда сақтамас бұрын мерзімі аяқталу күні мен жапсырмасын (сақтау нұсқаулары) қараңыз.
- Азық-түлік төмен температурада оңай бұзылатын болса, тағамды ұзақ уақыт сақтамаңыз.
- Мұздатылмаған тағамды мұздатылған тағамға жанастырып қоймаңыз. Күнделікті мұздату жоспарланса, мұздатылатын мөлшерді азайту қажет болуы мүмкін.
- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды сатып алған соң дереу тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың ішіне салыңыз.
- Шикі ет пен балықты тоңазытқыштағы үйлесімді камераларда олар басқа азық-түліктерге тимейтіндей немесе оларға ешнәрсе тамбайтындай етіп сақтаңыз.
- Мұздатылған азық-түліктерді және басқа азық-түлік өнімдерін көкөністер тартпасының жоғарғы жағында сақтауға болады.
- Толығымен еріп кеткен тағамды мұздатпаңыз. Толығымен еріген тағамды қайтадан мұздату оның дәмін және құнарлылығын төмендетеді.
- Жабдыққа азық-түлікті толтырып салмаңыз. Жабдық қатты толып тұрса, суық ауа ішінде дұрыс айнамайды.
- Сақтамас бұрын ыстық тағамды суытып алыңыз. Ішіне тым көп ыстық тағам қойылған болса, құрылғының ішкі температурасының артуы және құрылғыда сақталған басқа тағамдарға кері әсер етуі мүмкін.
- Тағам үшін тым төмен температураны орнататын болсаңыз, ол қатып қалуы мүмкін. Бастапқы температурадан төмен температураны орнатпаңыз.
- Егер құрылғыда мұздатқыш сөрелер болса, көкөністер мен жеміс-жидектерді су күйінше

сол сөрелерге салмаңыз, себебі олар төмен температурада үсіп кетуі мүмкін.

- Электр қуаты үзілген жағдайда, электр компаниясына қоңырау шалып, қуаттың қанша уақыт болмайтындығын сұраңыз.
 - Қуат өшірулі кезде есікті көп аша беруге болмайды.
 - Қуат қалыпты деңгейде берілген кезде, ішіндегі азық-түліктердің бұзылмағандығын тексеріңіз.

Максималды мұздату мүмкіндігі

- Максималды мұздату мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, мұздатқыш температурасын ең суық температура параметріне орнатыңыз.
- **Express Freeze** функциясы мұздатқышты максималды мұздату мүмкіндігіне дейін жеткізеді. Бұл әдетте 24 сағатқа дейін уақытты алып, автоматты түрде өшеді.
- Балғын азық-түлікті мұздатқыш бөліміне салмас бұрын, **Express Freeze** функциясын 3 сағат қосып қою керек.
- Азық-түлікті жылдам мұздату үшін оны жоғарғы мұздатқыш науаларында сақтаңыз. Азық-түлік осы мұздатқыш науаларында жылдам мұздатылады.
- Ауа айналымының жақсырақ нәтижесін алу үшін, жәшіктер, тартпалар және сөрелер сияқты барлық ішкі бөліктерін салыңыз.

Азық-түлікті барынша көп мұздату

Көп азық-түлік салынатын болса, мұздатқыштың барлық тартпаларын құрылғыдан алып тастап, тек төменгісін қалдырыңыз және азық-түліктің барлығын тікелей мұздатқыш бөліміне үйіп жинаңыз.

▲ ЕСКЕРТУ

- Тартпаларды алу үшін алдымен тартпалардағы азық-түлікті шығарыңыз, содан кейін тартпаларды абайлап тартып шығарыңыз. Әйтпесе, жарақат алып

қалуыңыз немесе тартпаларды
зақымдауыңыз мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- Әрбір тартпаның пішіні әртүрлі болуы мүмкін,
әрқайсысын өз орнына қойыңыз.

Өнім мүмкіндіктері

Құрылғының беті немесе бөліктері үлгі түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Сырты

*1 Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.



1 Door in Door*1

Есік ішіндегі есік дегеніміз – екі қабатты есік жүйесі. Оны бөлек немесе негізгі есікпен бірге ашуға болады.

Сүйікті тіскебасарларыңыз бен тағамдарыңызды оңай тауып, қол жеткізе аласыз.

2 InstaView Door in Door*1

InstaView Door in Door бөлімі жиі қолданылатын тағам түрлеріне оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3 InstaView*1



InstaView жарық диодының шамын қосып, өшіру үшін әйнекті екі рет қағыңыз.

4 Қосымша есік тұтқасы*1

Қосымша есікті ашады.

Интерьер (екі жұлдызды **)

*1 Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.



1 Басқару панелі

Тоңазытқыш температурасын және мұздатқыш температурасын орнатады.

2 ЖШД шамы

24 Пайдалану

Тоңазытқыштың ішіндегі ЖШД шамдары есік ашылған кезде жанады.

3 Ауа сүзгісі*1

Тоңазытқыш бөлімдегі жағымсыз иісті жояды.

4 Тоңазытқыш есігіндегі жәшік

Тоңазытылған тағамдар, сусындар мен тұздықтар контейнерлерінің кішкентай бумалары сақталатын орын.

5 Есік бөлгіші

Тоңазытқыштағы салқын ауаның сыртқа шығуына жол бермейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Есікке сызат түсу немесе есіктің ортасындағы бөлгішінің бұзылу қаупін азайту үшін, әрдайым тоңазытқыш есігінің бөлгіші жиналғанына көз жеткізіңіз.
-

6 Тоңазытқыш сөресі

Салқындалатын тағамдар мен балғын тағамдарды сақтайды.

Ылғалдылығы қатты тағамдарды сөренің алдыңғы жағында сақтайды.

7 Жиналмалы сөре*1

Жеке қажеттіліктерге сай реттеуге болады.

8 Төменгі сөре

1 кг-нан асатын тамақ ыдыстарын сақтау үшін, оны төменгі сөреге қойыңыз.

9 Тоңазытқыш тартпасы

Жемістер мен көкөністерді балғын күйде сақтайды.

10 Жылжымалы мұз генераторы*1

Осы жерде мұз жасалып, сақталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Мұз генераторының орны модельге байланысты өзгеруі мүмкін.
-

11 Door in Door бөлімі*1

Оңай қол жеткізгіңіз келетін және жиі пайдаланатын тағамдарды ыңғайлы сақтауға арналған аймақ.

ЕСКЕРТПЕ

- Екі жұлдызды бөлімі бар мұздатқыш есігіндегі себеттердің саны сатып алынған модельге қарай әртүрлі болады.
-

12 Мұздатқыш науа

Ұсақ мұздатылған тағамдарды немесе жиі қолданылатын тағамдарды сақтайды. Жылжымалы табақшалар қол жетімділік пен қолдануға ыңғайлы.

13 Мұздатқыш тартпасы

Ұзақ уақыт бойы сақталуы тиіс тамақты сақтауға арналған.


ЕСКЕРТПЕ

- Екі жұлдызды бөлімі бар мұздатқыш тартпаларының саны сатып алынған модельге қарай әртүрлі болады.

Басқару панелі

Әр үлгіде өзінің нақты басқару панелі бар.

Басқару панелі және функциялары



1 Express Freeze

Бұл функция мұздың көп мөлшерін немесе қатқан тағамдарды жылдам мұздатуы мүмкін.

- Бұл функция түймені әрбір басқан сайын қосылады және өшіріледі.
- Бұл функция белгілі бір мерзім өткен соң автоматты түрде тоқтайды.

2 Freezer

-23 °C және -15 °C аралығындағы қажетті температураны таңдау үшін осы түймені қайта-қайта басыңыз.

- Мұздатқыштың бастапқы температурасы: -18 °C.

3 Fridge

1 °C және 7 °C аралығындағы қажетті температураны таңдау үшін осы түймені қайта-қайта басыңыз.

- Тоңазытқыштың бастапқы температурасы: 3 °C.

ЕСКЕРТПЕ

- Нақты бастапқы температура тағам күйіне байланысты өзгеріп отырады, көрсетілген температура мақсатты температура болып табылады, ол құрал ішіндегі нақты температура емес.

4 Wi-Fi

Бұл түйме құрылғыға үйдің Wi-Fi желісіне қосылуға мүмкіндік береді. **LG ThinQ** қолданбасын бастапқы орнату туралы ақпарат алу үшін «Смарт функциялар» бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Тазалау кезінде басқару панеліне саусақ немесе дене тиіп кетсе, түйме функциясы жұмыс істеуі мүмкін.
- Тағамды оңтайлы сақтау мақсатында әр бөлім үшін әдепкі температураны 1°C-қа арттыруға немесе азайтуға кеңес беріледі.
- Көрсетілген температура құрылғының нақты температурасы емес, ол – мақсатты температура. Нақты температура құрылғының ішіндегі азық-түлікке байланысты өзгеріп отырады.
- Құрылғы ішіндегі нақты температура келесі факторларға тәуелді: бөлме температурасы, тамақ мөлшері және құрылғы орналасқан жердегі есіктердің ашылу жиілігі. Осы факторларды есепке ала отырып, температураларды орнатыңыз.

InstaView

Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.

InstaView функциясын пайдалану

InstaView функциясы тоңазытқыштың есігін ашпастан сусындар мен жеңіл тамақтар сияқты жиі қолданылатын тағамдардың қаншалықты қалғанын көруге мүмкіндік береді.



1 InstaView жарық диодының шамын қосып, өшіру үшін әйнекті екі рет қағыңыз.

2 Он секундтан кейін жарық диодты шам автоматты түрде өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Мұздатқыштың сол немесе оң жақ есігін жапқаннан кейін **InstaView** функциясы 2 секундқа ажыратылады.
- Әйнектің орталық аймағын қағыңыз. Әйнектің шеткі жақтарын қақсаңыз, **InstaView** функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Әйнекті дыбыс шығатындай қаттырақ қағыңыз.
- Тоңазытқыштың жанында қатты дыбыс шығатын болса, **InstaView** функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Шыны есікті құрғақ шүберекпен тазалаңыз. Қатты дақтарды кетіру үшін, таза шүберекті жылымыс суға немесе шыны тазалағышқа


әлсіз малыңыз. Шыны тазалағышты шыны есікке тіке бүркімеңіз.

Қосымша есік

Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.

Қосымша есікті пайдалану

Есіктің төменгі жағындағы иіңтіректі есік ішіндегі есік ашылғанша жоғары тартыңыз. Қосымша есіктің ішіндегі және оның айналасындағы себеттердегі орын жеткілікті, сондықтан тағамдарыңызды реттеп қоюға болады.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрылғының негізгі есігін қосымша есігі ашық болғанда, ал қосымша есігін негізгі есік ашық болғанда ашпаңыз. Қосымша есік құрылғының жиегіне тиіп кетіп, зақымдалуы мүмкін.

Тартпа


⚠ ЕСКЕРТУ

- Тартпаларды шығармас бұрын, оның ішіндегілерін босатыңыз. Сондай-ақ оларды екі қолыңызбен шығарып, қайта орнына қойыңыз.
- Тартпаларды шығарып, оларды қайта орнатпас бұрын, тоңазытқыштың есіктері толықтай ашық тұрғанына көз жеткізіңіз.


Тоңазытқыш бөлімдегі тартпаны алу/қайта орнату

Сатып алған модельге байланысты бұл функция өзгеріп отыруы мүмкін.

- 1 Тоңазытқыштың екі есігін де толығымен ашыңыз. Қақпақты екі қолмен ұстаңыз да, төмен еңкейтіп, өзіңізге қарай ақырын тартыңыз.



- 2 Тартпаның ішіндегі нәрселерді алыңыз. Көкөністерге арналған тартпалардың тұтқасын ұстап тұрып, оны ақырындап тартыңыз.



- 3 Тоңазытқыш тартпасын қалай алсаңыз, сол әрекеттерді кері ретпен орындап, қайта орнатыңыз.

Мұздатқыш тартпасын пайдалану


Мұздатқыштың тартпалары оңай алуға және қолайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

- Қаптамадағы мұздатылған тағамдар мен жиі пайдаланылатын тағамдарды жоғарғы бөлімде сақтаңыз.
- Үлкен мұздатылған тағамдар мен ұзақ уақыт сақталатын азық-түлікті төменгі бөлімге салыңыз.

Мұздатқыш тартпасын алу/қайта орнату

Сатып алған модельге байланысты бұл функция өзгеріп отыруы мүмкін.

- 1 Мұздатқыштың есіктерін толығымен ашыңыз. Мұздатқыштың тартпаларды толық тартып шығарыңыз және ішіндегі нәрселерді алып тастаңыз.



- 2 Тартпаны толық шығарып, оның алдыңғы жағын көтеріңіз және тартып шығарыңыз.
- 3 Мұздатқыш тартпасын қалай алсаңыз, сол әрекеттерді кері ретпен орындап, қайта орнатыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тартпалардың салмағы ауыр болады. Құрылғыны зақымдамау немесе дене жарақатын алмау үшін, тартпаларды алып не орнатып жатқан кезде әрдайым екі қолыңызбен жұмыс істеңіз.
- Тартпаларды алмас немесе орнатпас бұрын мұздатқыш есігін әрдайым толықтай ашыңыз.


Сөре

⚠ ЕСКЕРТУ

- Әйнектен жасалған сөрелер ауыр болады. Оларды алған кезде ерекше мұқият болыңыз.
- Әйнектен жасалған сөрелер суық болса, оларды жылы сумен тазалауға болмайды. Сөрелер температураның күрт өзгеруіне немесе соққыға байланысты сынып кетуі мүмкін.


Бүгілмелі сөрелі пайдалану

Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар. Галлон контейнерлер немесе бөтелкелер сияқты ұзын заттарды сақтау үшін сөрелің алдыңғы жартысын сөрелің артқы жартысының астына қарай итеріңіз. Сөрелі толық қайтару үшін сөрелің алдыңғы жағын тартыңыз.




Сөрелі алу/қайта салу

- 1 Сөрелі шығару үшін сөрелің алдыңғы жағын жоғары қарай көтеріңкіреп, тік көтеріңіз.




- 2 Сөрелі белгілі бір бұрышқа еңкейтіп, оны тартып шығарыңыз.



- 3 Қайта орнату үшін сөрелің алдыңғы жағын жоғары қарай еңкейтіп, ілмектерін қажетті биіктіктегі ұяшықтарға бағыттаңыз.

- 4 Сөрелің алдыңғы жағын ілмектер ойықтарға ілінетіндей етіп түсіріңіз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Сөрелердің деңгейі бірдей екенін тексеріңіз. Мұны сақтамасаңыз, сөрелің құлауына немесе азық-түліктің төгілуіне әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Әйнектен жасалған сөрелер суық болса, оларды жылы сумен тазалауға болмайды. Сөрелер температураның күрт өзгеруіне немесе соққыға байланысты сынып кетуі мүмкін.

Мұз генераторы

Мұз дайындағышты пайдаланбас бұрын

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Мұз дайындағыштың немесе диспенсердің суға арналған бағын тек ауыз суымен толтырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Мұз дайындағышы құрылғы бастапқы орнатылған соң 48 сағаттай уақыт өткен соң мұзды қалыпты түрде өндіреді.
- Егер мұз сақтау науасына жартылай қатқан мұз түсіп қалса, барлық мұз текшелері бірігіп қалады. Мұздың дайындалуына - 20 °C температурасында 4 сағат қажет болады.
- Мұздатқыштың есігі жиі ашылатын болса, мұздатқыш бөліміне жылы ауа кіреді. Мұздың қатуына көбірек уақыт қажет болуы мүмкін.
- Сынып кетуі мүмкін болғандықтан мұз жасағышты күшпен тартпаңыз.
- Мұз сақтау себетінде мұзды қатырмаңыз. Ол себетті сындырып, жабдықтың зақымдалуына немесе жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

Мұз дайындағышты пайдалану


*1 Осы мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.

А түріне жататын мұз дайындағыш *1

- Мұз жасау үшін мұз науасына су құйып, орнына салыңыз.



- Мұз науасының тұтқасын сағат тілі бағытымен айналдырып, мұз себетін тартып шығарыңыз.



В түріне жататын мұз дайындағыш *1

- Мұз жасалатын науаға ауыз суын толтырып, оны мұздатқыш бөлімге қойыңыз.



- Су қатқан соң, мұз жасалатын науаның екі жағынан ұстап, ақырындап төңкеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Мұз дайындағышты немесе мұзды сақтау себетін пайдаланбайтын болсаңыз, мұздатқыштың ішінде орын босату үшін оларды алып тастаңыз.


Есіктегі себет

Есіктегі себетті алу/қайта салу

Сатып алған модельге байланысты бұл функция өзгеріп отыруы мүмкін.

Есік себеттері оңай тазалануы және реттелуі үшін алына алады.

- 1** Себетті алу үшін жай ғана себетті көтеріп, тік тартып шығарыңыз.



- 2** Себеттерді жинау үшін оны қажетті тіреуіштің үстінен сырғытып, орнына түскенше төмен қарай итеріңіз.

СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

LG ThinQ қолданбасы

Бұл функция тек Wi-Fi желісі бар үлгілерде қолжетімді.

LG ThinQ қолданбасы смартфон арқылы құрылғыны басқаруға мүмкіндік береді.

LG ThinQ қолданбасының функциялары

Ыңғайлы смарт функцияларды пайдаланып, смартфонның арқылы құрылғыңызды басқарыңыз.

Smart Diagnosis

- Құрылғыны пайдалану кезінде мәселе болса, бұл Smart Diagnosis мүмкіндігі сізге мәселені диагностикалауға көмектеседі.

Параметрлер

- Құрылғы мен қолданбада әртүрлі опцияларды орнатуға мүмкіндік береді.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер сымсыз роутеріңізді, интернет провайдеріңізді немесе құпия сөзді ауыстыратын болсаңыз, **LG ThinQ** қолданбасынан тіркелген құрылғыны жойып, оны жаңадан тіркеңіз.
- Құрылғыны жетілдіру мақсатында қолданба пайдаланушыларға ескертілместен өзгертілуі мүмкін.
- Ерекшеліктері үлгісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

LG ThinQ қолданбасын орнату және LG құрылғысын қосу

QR коды бар үлгілер

Камераны немесе смартфондағы QR кодын оқу құралын пайдаланып өнімге тіркелген QR кодын сканерлеңіз.



QR коды жоқ үлгілер

- 1 Google Play Store дүкенінен немесе Apple App Store дүкенінен смартфонға **LG ThinQ** қолданбасын тауып, орнатыңыз.
- 2 **LG ThinQ** қолданбасын іске қосыңыз және бұрыннан бар тіркелгімен кіріңіз немесе кіру үшін LG тіркелгісін жасаңыз.
- 3 LG құрылғысын қосу үшін **LG ThinQ** қолданбасындағы қосу (+) түймесін басыңыз. Процесті аяқтау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi байланысын тексеру үшін басқару панеліндегі Wi-Fi индикаторы жанып тұрғанын тексеріңіз.

- Құрылғы 2.4 ГГц Wi-Fi желілерімен ғана жұмыс істейді. Желінің жиілігін анықтау үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз немесе сымсыз бағдарлауыштың нұсқаулығын қараңыз.
- **LG ThinQ** қолданбасы желілік байланысқа немесе желілік байланысқа қатысты қандай да бір ақаулыққа, олқылықтарға немесе қателіктерге жауапты емес.
- Айналадағы сымсыз орта сымсыз желі қызметін баяулатуы мүмкін.
- Құрылғы пен сымсыз роутер арасы тым алыс болса, сигнал беру деңгейі әлсірейді. Қосылуға көп уақыт кетуі мүмкін немесе жабдық орнатылмауы мүмкін.
- Егер құрылғыны Wi-Fi желілеріне қосуда қандай да бір қиындықтар туындаса, ол көп жағдайда роутерге байланысты емес. Wi-Fi сигналының қуатын жақсарту үшін, Wi-Fi репитерін (диапазон кеңейткіші) сатып алыңыз.
- Желілік байланыс интернет қызметінің провайдеріне байланысты да дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Үйдегі желі ортасына байланысты Wi-Fi байланысы қосылмауы мүмкін немесе ажырап кетуі мүмкін.
- Сымсыз сигналды тарату жүйесіндегі ақаулыққа байланысты, жабдықты қосу мүмкін емес. Жабдықты электр жүйесінен ажыратып, әрекетті қайталамас бұрын бір минуттай күтіңіз.
- Сымсыз роутердегі брандмауэр қосулы болса, оны өшіріңіз немесе оны ерекше жағдай ретінде қосыңыз.
- Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)
- Смартфонның пайдаланушы интерфейсі (UI) телефонның операциялық жүйесіне (OS) және өндірушіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Егер роутердің қауіпсіздік протоколы **WEP** күйіне орнатылған болса, желіні орната алмауыңыз мүмкін. Оны басқа қауіпсіздік протоколдарына өзгертіңіз (**WPA2** ұсынылады) және өнімді қайтадан қосыңыз.

- Wi-Fi функциясын өшіру үшін **Wi-Fi** түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Wi-Fi көрсеткіші өшеді.
- Құрылғыны қайта қосу немесе басқа пайдаланушыны қосу мақсатында уақытша өшіру үшін, **Wi-Fi** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Құрылғыны қосу үшін, **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, қолданбада берілген нұсқауларды орындаңыз.

Радиожабдықтардың техникалық сипаттамалары

Үлгі атауы	LCWB-001
Сымсыз LAN желісінің желілік ауқымы	2412 МГц - 2472 МГц
Сымсыз LAN желісінің шығыс қуаты (макс.)	18,14 дБм
Bluetooth жиілік ауқымы	2402 МГц – 2480 МГц
Bluetooth шығыс қуаты (макс.)	7,03 дБм

Сымсыз функцияның б/ж нұсқасы: V 1.0

Пайдаланушының назарына, бұл құрылғы құрылғы мен дене арасындағы минималды 20 см қашықтықта орнатылып, пайдаланылуы керек.

Бастапқы коды ашық бағдарламалық жасақтама туралы ескертуі ақпарат

GPL, LGPL, MPL бойынша бастапқы кодты және осы өнімде бар бастапқы кодты ашу міндеттемелері бар басқа ашық код лицензияларын алу, сондай-ақ барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, авторлық құқық ескертпелері мен басқа сәйкес құжаттарды алу үшін <https://opensource.lge.com> сайтына өтіңіз.

LG Electronics компаниясы сізге CD-ROM дискісінде ашық бастапқы кодты ақылы түрде береді. Қызмет ақысына opensource@lge.com мекенжайына электрондық хатпен сұрау жіберілгеннен кейін мұндай үлестіруді орындау құны (мысалы, тасығыш, жеткізу және өңдеу құны) жатады.

Бұл ұсыныс осы өнім соңғы жөнелтілгеннен бастап үш жыл бойы осы ақпаратты алатын барлық адамға беріледі.

Smart Diagnosis

Бұл функция құрылғыға қатысты мәселелерді табу және шешу үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ

- LGE-ге байланысты емес себептер бойынша қызмет сыртқы факторларға байланысты жұмыс істемеуі мүмкін, мысалы, Wi-Fi қол жетімсіздігі, Wi-Fi қосылымының істен шығуы, қолданылған қолданбаларды сақтау саясаты немесе қосымшаның қол жетімді еместігі.
- Бұл мүмкіндік алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін және қайда орналасқаныңызға байланысты басқа түрде болуы мүмкін.

LG ThinQ қолданбасын ақаулықтарды диагностикалау үшін пайдалану

Wi-Fi жабдықталған құрылғыңызда мәселе орын алса, ол **LG ThinQ** қолданбасын пайдаланып ақаулықтарды жою туралы деректерді смартфонға тасымалдай алады.


- **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, мәзірде **Smart Diagnosis** мүмкіндігін таңдаңыз. **LG ThinQ** қолданбасында қамтамасыз етілетін нұсқауларды орындаңыз.

Мәселелерді диагностикалау үшін дыбыстық диагностикалауды пайдалану

Дыбыстық диагностикалау әдісін пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, мәзірде **Smart Diagnosis** мүмкіндігін таңдаңыз. **LG ThinQ** қолданбасында дыбыстық диагностика үшін нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Тоңазытқыш есігін ашыңыз да, телефонды жоғарғы оң жақ **ThinQ** логотипінде ұстап тұрыңыз.



- 2 Деректерді тасымалдау аяқталғанша, телефонды үндеткіш жанында ұстап тұрып, **Freezer** түймесін үш секунд бойы немесе ұзағырақ басып тұрыңыз.

- 3 Деректерді тасымалдау аяқталғаннан кейін диагноз қолданбада көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Ең жақсы нәтижелер алу үшін үндер тасымалданып жатқанда телефонды жылжитпаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Тазалау

Жалпы тазалау бойынша кеңестер

- Азық-түлік мұздатқышта сақталып жатқанда қолмен жылыту, техникалық қызмет көрсету немесе тазалау салдарынан азық-түлік температурасы көтеріліп, сақталу мерзімі қысқарады.
- Азық-түлікке тиіп кетуі мүмкін беттерді тұрақты түрде тазалап тұрыңыз.
- Жабдықтың ішін не сыртын қатты қылшақпен, тіс қылшағымен немесе тұтанғыш материалдармен тазаламаңыз. Құрамында тұтанғыш заттар бар тазалау құралдарын пайдалануға болмайды. Бұл жабдықтың түссізденуіне әкелуі мүмкін немесе оны зақымдауы мүмкін.
 - Тұтанғыш заттар: спирт (этанол, метанол, изопропил спирті, изобутил спирті, және т.б.), сұйылтқыш, ағартқыш, бензол, тұтанғыш сұйықтық, қажағыш материал және т.б.
- Тазалап болғаннан кейін қуат сымының зақымдалмағанын тексеріңіз.

Сыртын тазалау

- Құрылғының сыртқы ауа желдеткіштерін шаңсорғышпен тазалаған кезде, электрондық бөліктеріне зақым келтіретін немесе электр тоғы соғу қаупін туғызатын статикалық зарядтың алдын алу үшін қуат сымын тоқтан ажырату керек. Құрылғының сенімді және үнемді жұмыс істеу күйін сақтау үшін артқы және бүйірлік желдету жабындарын жүйелі түрде тазалап тұру ұсынылады.
- Жабдықтың сартқы жағындағы ауа желдеткіштерін таза ұстаңыз. Ауа желдеткіштері бұғатталуы нәтижесінде өрттің шығуына немесе жабдықтың зақымдалуына әкеледі.
- Жабдықтың сырт жағы үшін таза губка немесе жұмсақ шүберек пен жылы судағы жұмсақ химиялық тазартқыш құралды

пайдаланыңыз. Жыратын немесе өткір тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ шүберекпен мұқият құрғатып сүртіңіз. Тот баспайтын болаттан жасалған есіктерді тазалаған кезде лас шүберектерді пайдаланбаңыз. Арнайы шүберекті пайдаланып, сол бағытта текстурасы бойынша сүтіңіз. Бұл беттегі ластанулар мен түссізденулерді азайтуға көмектеседі.


Ішін тазалау

- Құрылғының ішінен сөрені немесе тартпаны алған кезде, жарақаттанудың немесе құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшін, сөреден немесе тартпадан барлық сақталған тағамдарды алыңыз. Әйтпесе, сақталған тағамдардың салмағына байланысты жарақат алуыңыз мүмкін.
- Сөрелері мен тартпаларын шығарып алып, оларды сумен тазалаңыз да, қайта салмас бұрын мұқият кептіріп алыңыз.
- Есік тығыздауыштарын күнделікті ылғал жұмсақ сүлгімен сүртіп тұрыңыз.
- Есік жәшіктеріндегі төгілген заттар мен іздерді тазалап тұру керек, себебі олар жәшіктің сақтау мүмкіндігін нашарлатады және тіптен зақымдауы да мүмкін.
- Сөрелерді немесе контейнерлерді ешқашан ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Бұл бөлшектер жоғары температураның әсерінен деформациялануы мүмкін.
- Құрылғының автоматты мұздату жүйесі қалыпты жұмыс істеу режимінде оның бөліміне мұздың жиналмауын қамтамасыз етеді. Оның мұзын пайдаланушының ерітуі қажет емес.

Конденсатордың қақпағын тазалау

Конденсатордың қақпағын және желдету саңылауларын шаңсорғышпен және щеткамен тазалаңыз. Конденсатордың ирек түтігін жауып тұрған панельді алмаңыз.

Жұмыс тиімділігін сақтау үшін мұны әр 12 ай сайын жасаған жөн. Бұлай істемеу салқындатуды жоғалтуға, қуатты жоғары тұтынуға және компрессордың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.



АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Қызмет көрсетуге шақырмастан бұрын

Салқындату

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тоңазыту немесе мұздату әрекеті орындалмауда.	Электр қуатының іркілісі орын алды ма? Басқа құрылғылардың қуатын тексеріңіз.
	Құрылғы розеткадан ажыратылған. Қуат ашасын розеткаға дұрыс тығыңыз.
	Үйіңіздегі сақтандырғыш күйіп кеткен немесе автоматты ажыратқыш іске қосылған болуы мүмкін. Немесе құрылғы GFCI (жерге қысқа тұйықталу ажыратқышы, Ground Fault Circuit Interrupter) розеткасына қосылып, розетканың автоматты ажыратқышы іске қосылған. - Негізгі электр қалқанын тексеріп, сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе ажыратқышты бастапқы күйге қайтарыңыз. Сақтандырғыш сыйымдылығын арттырмаңыз. Ақаулық тізбектің шамадан тыс жүктелуіне байланысты болса, оны білікті электршіге жөндетіңіз. - GFCI құрылғысындағы автоматты ажыратқышты бастапқы күйіне қайтарыңыз. Ақаулық түзетілмесе, электршіге хабарласыңыз.
Тоңазыту немесе мұздату әрекеті нашар.	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы ең жылы деңгейге орнатылған ба? Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасын суығырақ параметрге орнатыңыз.
	Құрылғы пісіретін пеш немесе жылытқыш сияқты жылу шығаратын заттың жанында немесе тікелей күн сәулесінен әсерге ұшырай ма? Орнату аймағын тексеріңіз және оны жылу бөлетін заттардан әрі қойыңыз.
	Сіз ыстық тамақ өнімдерін тоңазытқышқа алдын ала салқындатусыз салдыңыз ба? Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.
	Тым көп тағам салдыңыз ба? Тағам арасында сәйкес бос орынды қалдырыңыз.
	Құрылғының есіктері толығымен жабылған ба? Есігін мықтап жауып, сақталған тағамның есікке кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріңіз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тоңазыту немесе мұздату әрекеті нашар.	Құрылғының айналасында бос орын жеткілікті ме? Құрылғының айналасында жеткілікті орын қалдыру үшін орнатылған орнын ауыстырыңыз.
Құрылғының ішінде жағымсыз иіс бар.	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы ең жылы деңгейге орнатылған ба? Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасын суығырақ параметрге орнатыңыз.
	Иісі қатты шығатын тағамды салдыңыз ба? Қатты иіс шығаратын азық-түліктерді жабық контейнерлерде сақтаңыз.
	Тартпадағы көкөністер немесе жеміс бүлінген. Ескіріп кеткен көкөністерді тастап, көкөністер тартпасын тазалап қойыңыз. Көкөністер тартпасында көкөністерді ұзақ уақыт бойы сақтамаңыз.

Конденсат және қырау

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Құрылғының ішінде немесе көкөністер тарпасы қақпағының төменгі жағында конденсация бар.	Сіз ыстық тамақ өнімдерін тоңазытқышқа алдын ала салқындатусыз салдыңыз ба? Ыстық тағамды тоңазытқыш немесе мұздатқыш ішіне салмас бұрын алдымен суытып алыңыз.
	Құрылғы есігін ашық қалдырдыңыз ба? Құрылғы есігі жабылған соң конденсация да жоғалса да оны құрғақ шүберекпен сүртіп алуға болады.
	Құрылғы есігін тым жиі ашып-жабасыз ба? Сырттағы температураның өзгешелігіне байланысты конденсация түзілуі мүмкін. Дымқыл жерді құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
	Контейнерге салмай ішіне жылы немесе ылғал тағам салдыңыз ба? Тағамды қапталған немесе тығыздалған контейнерде сақтаңыз.
Тоңазытқышта мұз қатып қалған.	Есіктерінің дұрыс жабылмаған болуы мүмкін. Құрылғының ішкі жағындағы тағамдардың есікке тіреліп тұрмағанын және есіктің мықтап жабылғанын тексеріңіз.
	Сіз ыстық тамақ өнімдерін тоңазытқышқа алдын ала салқындатусыз салдыңыз ба? Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тоңазытқышта мұз қатып қалған.	Мұздатқыштың ауа кірісі немесе шығысы бітелген бе? Ауа ішінде айнала алатындай ауа кіретін немесе шығатын жерлері бітелмегенін тексеріңіз.
	Мұздатқыш шамадан тыс толтырылған ба? Бөліктері арасында сәйкес бос орынды қалдырыңыз.
Қату немесе конденсация құрылғының ішінде немесе сыртында түзіледі.	Құрылғы есігін жиі ашып-жабасыз ба немесе құрылғы есігі дұрыс жабылмаған ба? Сырттағы ауа жабдықтың ішіне кірген жағдайда қырау немесе конденсат түзілуі мүмкін.
	Орнататын орын ылғал ма? Орнату аймағы тым ылғал болса немесе жаңбырлы күн сияқты ылғал күн туындаса, құрылғының сыртқы жағында конденсация пайда болуы мүмкін. Кез келген ылғалды құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
Құрылғының бүйірі немесе алдыңғы жағы жылы.	Есік аймағы айналасынан конденсацияның түзілуін азайту үшін құрылғының осы аймақтарында конденсацияға қарсы түтіктер болады. Конденсация түзілуінің алдын алу үшін жылуды шығару түтігі құрылғының алдыңғы жағына және бүйіріне орнатылады. Жаз кезінде немесе құрылғы орнатылған соң оның өте ыстық болып сезілуі мүмкін. Бұл ақаулық еместігіне және қалыпты жұмысы екендігіне сенімді болуыңызға болады.
Құрылғының ішінде немесе сыртында су бар.	Құрылғының айналасына су аққан ба? Судың шұңғылшадан немесе басқа орыннан ағып кеткенін тексеріңіз.
	Құрылғының төменгі жағында су бар ма? Судың қатқан еріген тағамнан немесе сынған не төгілген контейнерден ағатынын тексеріңіз.

Бөлшектер мен функциялар

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Құрылғы есігі мықтап жабылмаған.	Құрылғы алға еңкейіп тұр ма? Құрылғының бет жағын сәл көтеру үшін алдыңғы аяғын ретке келтіріңіз.
	Сөрелер дұрыс қойылған ба? Қажет болса, сөрелерін қайта салыңыз.
	Есікті қатты күшпен жаптыңыз ба? Есікті жапқан кезде тым көп күш немесе жылдамдық қолданатын болсаңыз, жаппас бұрын ол аз уақытқа ашық қалуы мүмкін. Жабқанда есікті тарсылдатпаңыз. Есікті жаймен жабыңыз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Құрылғы есігін ашу қиын.	Оны жапқан бойда қайтадан есікті аштыңыз ба? Оны жапқан бойда 1 минут ішінде құрылғы есігін ашуға әрекет жасасаңыз, құрылғының ішкі жағындағы қысымға байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Құрылғы есігін ішкі қысым тұрақтандырылған соң, бірнеше минуттан кейін ашып көріңіз.
Есік бөлгіші жиналмайды және дұрыс жұмыс істемейді.	Алдыңғы бұралма аяқтар ұзартылған, құрылғы түзу, ал есіктер тураланған ба? Есік себеттері толып кетсе, есік бөлгішінің немесе автоматты түрде ашылатын есік функциясының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіріп, есіктің қисаюы мүмкін. Алдыңғы тегістеуші аяқтарды еденмен тығыз жанасып тұратындай етіп ұзартыңыз. Есік бөлгіші қайтадан дұрыс жұмыс істегенге дейін құрылғының сол жақ есігін көтеру үшін, "Есікті туралау" бөліміндегі нұсқауды орындаңыз. Құрылғының оң жақ есігін сол жақ есікпен сәйкес келуі үшін реттеңіз.
Құрылғының ішіндегі шам қосылмайды.	Шам ақаулығы Есікті жауып, қайта ашыңыз. Егер шам жанбаса, LG Electronics тұтынушыларға арналған ақпараттық орталығына хабарласыңыз. Шамды өз бетіңізбен шығаруға тырыспаңыз.

Шуылдар

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Құрылғы шулы және қалыпсыз дыбыстарды шығарады.	Құрылғы әлсіз еденге орнатылған ба немесе деңгейі дұрыс реттелмеген бе? Құрылғыны мықты және тегіс еденге орнатыңыз.
	Құрылғының артқы жағы қабырғаға тиіп тұр ма? Құрылғының айналасында жеткілікті бос орынның болуы үшін орнату қалпын реттеңіз.
	Құрылғының артында қандай да бір заттар бар ма? Құрылғының артқы жағына шашылып қалған заттарды жинап алыңыз.
	Құрылғының жоғарғы жағына зат қойылған ба? Құрылғының жоғарғы жағындағы затты алыңыз.
Тырс ету шулары	Автоматты мұзын еріту айналымы басталған және аяқталған кезде мұзын ерітуді басқару қосылады. Термо реттегіш (немесе кейбір үлгілердегі құрылғыны реттегіш) те айналым қосылған және өшірілген кезде сырт еткен дыбыс шығарады. Қалыпты жұмысы

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тырсылдаған шулар	Тырсылдаған дыбыстардың салқындатқыш ағынынан, құрылғының артындағы су жолынан (тек тазартқыш бар үлгілерде) немесе құрылғының айналасына қойылған заттардан туындауы мүмкін. Қалыпты жұмысы
	Құрылғы еденде тегіс тұрған жоқ. Еден әлсіз не тегіс емес немесе теңестіру аяқтарын түзету қажет. "Есікті теңестіру" бөлімін қараңыз.
	Пайдаланған кезде компрессоры бар құрылғы жылжытылған. Қалыпты жұмысы. Компрессор 3 минуттан кейін тырсылдағанын тоқтатпайтын болса, құрылғыны токтан ажыратып, қайта қосыңыз.
Гуілдеген шулар	Мотордың булағыш желдеткіші тоңазытқыш пен мұздатқыш бөліктері бойымен ауаны айналдырады. Қалыпты жұмысы
	Конденсатор желдеткіші арқылы конденсатор үстінде ауа басып тұр. Қалыпты жұмысы
Сылдырлаған дыбыстар	Салқындату жүйесінен ағатын салқындатқыш. Қалыпты жұмысы
Тарсылдаған шулар	Температурадағы өзгерістерге байланысты ішкі қабырғаларында нығыздалу және кеңейту орын алуы мүмкін. Қалыпты жұмысы
Дірілдеу	Құрылғының бүйірі немесе артқы жағы шкафқа немесе қабырғаға тиіп тұрса, қалыпты дірілдеулердің кейбірі естілетін дыбыс шығаруы мүмкін. Шуды азайту үшін бүйірлері мен артқы жағын қабырғаға немесе шкафқа тигізіп қоймаңыз.
Су бағынан ызылдаған дыбыс шығады. (Тек қорғасындалмаған үлгілерде)	Мұз дайындағыш қосулы және су бағы бос болса, су бағынан клапанның ызылдаған дыбысын естіуіңіз мүмкін. Су бағын толтырыңыз немесе мұз дайындағышты өшіріңіз.

Wi-Fi

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тұрмыстық жабдығыңыз бен смартфоньыңыз Wi-Fi желісіне қосылмаған.	Wi-Fi желісіне қосылу үшін пайдаланып жатқан құпиясөзіңіз дұрыс емес. Смартфоныңызға қосылған Wi-Fi желісін тауып, жойыңыз да, жабдығыңызды LG ThinQ қолданбасына қайта тіркеңіз.

Белгілер	Ықтимал себебі мен шешімі
Тұрмыстық жабдығыңыз бен смартфонның Wi-Fi желісіне қосылмаған.	Смартфоныңыздың мобильді деректері қосұлы. Смартфонның Мобильді интернет функциясын өшіріңіз де, жабдықты Wi-Fi желісі арқылы қайта тіркеңіз.
	Сымсыз желі атауы (SSID) қате орнатылды. Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)
	Роутердің жиілігі 2.4 Гц емес. Жиілігі 2.4 Гц болатын роутерге ғана қолдау көрсетіледі. Сымсыз роутер жиілігін 2.4 Гц мәніне орнатып, жабдықты сымсыз роутерге қосыңыз. Роутер жиілігін тексеру үшін, интернет провайдеріне немесе роутер өндірушісіне хабарласыңыз.
	Жабдық пен роутердің арасы тым алыс. Жабдық пен роутердің арасы тым алыс болса, сигнал әлсіз болып, байланыс дұрыс конфигурацияланбауы мүмкін. Роутерді жабдыққа жақын орналастырыңыз.

Еске салу



Информация	Вы можете увидеть месяц и год изготовления на этикетке внутри холодильника.
Мәлімет	Дайындалған күні тоңазытқыштың ішінде орналасқан жапсырмада көрсетілген.